
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

04 НАУРЫЗ



АДАМ

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ



АЛМАТЫ 2024Ж

ЖОСПАР

КІРІСПЕ

АДАМДЫ КАРАСТЫРУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТӘСІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯ

«АДАМ БОЛ!» - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМЫ.

ҚОРЫТЫНДЫ

ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР БАСТАУЫ

Адам мәселесі, оның ішінде шығу тегі, мәні табиғаттағы орны және қоғамдық өмірдегі рөлі мәселелері фундаменталдық философиялық тақырыптардың бірі болып табылады. Философия пайда болғаннан қазіргі уақытқа дейін адам оның басты назарында болды, ал бүгігі күндері адам әрекетінің әр түрлі қырларын зерттеуді негізгі мақсат тұтатын өзге де ғылыми салалар пайда болады.



ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР БАСТАУЫ

АДАМ ДЕГЕН НЕ ?

Адам проблемаға айналған кезде адам «адам деген не, ол бұл әлемге неге келді және басқа тірі жандардан немен ерекшеленеді» деген мәселелермен ойланған кезде философиялық антропология іргелі және орталық философиялық ғылымға айналады. Ғылымның қазіргі жетістіктері адамды биологиялық факторлармен қатар әлеуметтік факторлар да маңызды рөл атқаратын эволюциялық даму өнімі деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Осы орайда адамның жоғары ұйымдасқан жануарлардан басты айырмашылықтары туралы және осы айырмашылықтарды мүмкін еткен үрдістерді ғылыми тұрғыда түсіндіру туралы мәселе шешуші мәнге ие болады.

АДАМ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОҒЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

Грек ойшылы Протагор: «Барлық заттың өлшемі-адам» деген қанатты сөзін тілге тиек етсе, Көне Қытай философы Лао Цзы: «Басқаларды білетін адам-ақылды, өзін танып білген адам – данышпан»,- депті. Үнді философиясының, буддизм ілімі өзінің алдына адамды қиналу азабынан құтқаруды мақсат етіп қояды. Ал қазақтың ұлы данышпаны Абай: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» атты қанатты сөз қалдырған.



Бұдан 25 ғасыр бұрын Кун фу цзы өз философиясында адамгершілік проблемасын қарастырды.Оның ілімінің негізгі этикалық қағидасы:


‘ӨЗІҢЕ ТІЛЕМЕЙТІН НӘРСЕНІ ӨЗГЕГЕ ЖАСАМА!‘

болды.


Будизмді өмір қайғы-қасіретке толы,алайда оларға соқпай өтуге болады, себебі бәрі де өзіне байланысты деп түсіндірілді.Аристотель адамды <ажалды құдайдай > деп түсініп,адамның биік мақсаты –бақыт деп тұжырымдады.Бақыт пен жоғарғы игілік адамға тән,ол оған толық жетілуге ұмтылған жағдайда,яғни белсенділіктің арқасында жетеді.Демек,жай ғана өмір сүрумен тынбау керек,себебі өсімдіктер де тіршілік етеді,ал сана белсенділігі – адамға тән мақсат.

БЕЛГІСІЗДЕН ҚОРҚУ

Жан-Поль Сартр, Альбер Камю сияқты философтар қорқынышты бостандық пен жауапкершілікті сезінуден туындайтын адамның табиғи жағдайы ретінде қарастырады. Еркін тіршілік иесі ретінде адам болашаққа қатысты шексіз белгісіздікпен бетпе-бет келеді, ол алаңдаушылық пен алаңдаушылық тудыруы мүмкін.



Николай Гартман сияқты беймәлім ұғымды қарастыратын философтар адам белгісіздікпен бетпе-бет келгенде бақылауды немесе түсінуді жоғалтудан қорқуы мүмкін екенін атап көрсетеді.



НЕМІСТІҢ ҰЛЫ ФИЛОСОФЫ ИММАНУИЛ КАНТ XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДА-АҚ АДАМ МЕН АДАМЗАТ МӘНІН ТҮСІНУГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН КЕЗ КЕЛГЕН ОЙШЫЛ ЖАУАП БЕРУІ ҚАЖЕТ ТӨРТ НЕГІЗГІ СҰРАҚТЫ ТҰЖЫРЫМДАҒАН:

МЕН НЕ БІЛЕ АЛАМЫН?
МЕН НЕ ІСТЕУІМ КЕРЕК?
МЕН НЕГЕ ҮМІТТЕНЕ АЛАМЫН?
АДАМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Адам мәселесіне Аристотель де ерекше көңіл бөлген. Аристотель концепсиясында адам қоғамдық , мемлекеттік, саяси деп қарастырылады. Оның пікірінше, адам – ақылға ие қоғамдық жануар. Аристотельдің айтуынша, мемлекет басындағы заң шығарушының міндеті – азаматтарды жақсы қылықтарға, ізгі ниеттілікке үйретіп оларды тек игілікті істерден ғана ләззат алатындай дәрежеге жеткізу. Оның ‹‹алтын аралық›› деп аталатын моралдық доктринасы адамның жандүниеснің сырын ашуға негізделген.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ДІНИ ФИЛОСОФИЯДА АДАМ ОБАСТАН-АҚ БІРІНЕ-БІРІ ҚАРАМА- ҚАРСЫ ЕКІ БАСТАМАНЫҢ: ТӘН МЕН ЖАННЫҢ ІШТЕЙ ҚАЙШЫЛЫҚТЫ БІРЛІГІ БОЛЫП ЖАРАТЫЛҒАН ДЕП ТҮСІНДІРІЛЕДІ. СОНДЫҚТАН МЫСАЛЫ, АВГУСТИН АДАМДЫ ЖАНЫ ТӘНІНЕН ТӘУЕЛСІЗ, ӨЛМЕЙТІН ЖАН ДЕП ТҮСІНСЕ, ФОМА АКВИНСКИЙ АДАМ ЖАН МЕН ТӘН БІРЛІГІ , ЖАНУАР МЕН ПЕРІШТЕНІҢ АРАСЫНДАҒЫ БІРДЕҢЕ ДЕП ТҮСІНЕДІ. ТӘН ӨЛЕДІ, ЖАН ӨЛМЕЙДІ, О ДҮНИЕДЕ ҚҰДАЙ АЛДЫНДА ЖАУАП БЕРЕДІ, СОНДЫҚТАН АДАМ КҮНӘСІНАН ТАЗАРУ ҮШІН ҚҰДАЙҒА ЖАЛБАРЫНУЫ ТИІС ДЕП УАҒЫЗДАДЫ.

ЖАҢА ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ АДАМ ЖАЙЫНДА НЕГІЗІНЕН ИДЕАЛИСТІК КӨЗҚАРАСТА БОЛҒАНДЫҚТАН, АДАМДЫ ЕҢ АЛДЫМЕН

рухани жан деп түсінді. Бірақ ол адам тағдырын құдайдың құдіретімен байланыстырмай, адамды өз болашағы өз қолында, құдайдан да, басқадан да тәуелсіз ақыл-ой иесі, өз өмірінің саналы субъектісі деді. Адамның тіпті өмір сүруінің ең басты белгісі осы қасиетте деп таныды.Сол заманның философтары Бэкон, Гоббс, Декарт, Спиноза осыны үндеді. Француз философы Рене Декарттың: «мен ойлай аламын, олай болса өмір сүремін» -деген қанатты сөзінің мәні осында.



«АДАМ ТУРАЛЫ БІЛІМ – БАРЛЫҚ ФИЛОСОФИЯНЫҢ БАСЫ МЕН СОҢЫ». - АРИСТОТЕЛЬ



КОРЫТЫНДЫ

Дара адам (индивид) – көптің бірі, жалпы адамзаттың нақты өкілі, дара. Көптің бірі болу үшін оған жалпы адамзатқа тиісті қасиеттер мен келбетке ие болса болғаны. Оның санасы жоғары ма, жоқ па, елмен сөйлесе ала ма, әлде сөйлесе алмай ма, бұлардың оған қажеті аз. Әлемде қанша миллиард адам бар, соның әрқайсысы – жеке-дара адам.

Ерекшелікті адам (индивидуальность). Ол - өзіндік, тек соған тән дауысы, жүріс-тұрысы, білімі, бет пішіні, түр-сипаты, азаматтық қасиеті, т.б. бар адам. Ерекшелікті адам – сол қасиеттермен қайталанбас феномен. Ол дүниеге бір-ақ рет келеді, әркімнің орны бөлек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абай. Қара сөз. https://abai.kz/post/6
2. Шәкәрім. Шығармалары. Алматы, 1988.
3. Мырзалы С. Философия. Оқулық. Алматы, 2010
4. Нұрышева Г.Ж. Философиялық антропология.Оқу құралы. Алматы, 2016.
5. Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф., Джаамбаева Б.А.Философия. Оқулық. Алматы, 2012.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!

